

ИМЖ құжатының атауы:

**«ҚазТрансОйл» АҚ-тың мұнайды Қазақстан
Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы
транзиттеу мақсатында магистральдық құбырлар
арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтеріне
тарифтерді
есептеу әдістемесі
(19.10.2017 ж. өзгерістермен)**

Әдістеме**КТО-СА-М-11.1****Әзірлеуші:
тарифтік реттеу
департаменті**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілді
(2016 жылғы 27 маусымдағы №8/2016 хаттама)
«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының
шешімімен мақұлданды
(2016 жылғы 9 маусымдағы №15 хаттама)

Бүкіл мәтін бойынша «және реттелетін нарықтарда», «және реттелетін нарықтарда» деген сөздер «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 19.10.17 ж. шешіміне (№ 9/2017 отырыс хаттамасы) сәйкес алынып тасталды (ескі ред. қараңыз)

МАЗМҰНЫ

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР
4. ӘДІСТЕМЕ СИПАТТАМАСЫ/ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

1-тарау. Тарифтерді есептеудің негізгі ережелері

2-тарау. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын және пайданың рұқсат етілген деңгейін айқындау тәртібі

3-тарау. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесін есептеу тәртібі

4-тарау. Экспорттау және транзиттеу мақсатында магистральдық құбырлар арқылы мұнай айдауға арналған тарифтерді есептеу тәртібі

§1. Мұнай айдау бойынша қызметтерден түсетін табысты айқындау

§2. Экспорт мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тарифті есептеу тәртібі

§3. Транзит мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тарифті есептеу тәртібі

§4. Магистральдық құбыр учаскелері бойынша мұнай айдау жөніндегі қызметтердің құнын есептеу тәртібі

5-тарау. Экспорт мақсатындағы Қосымша қызметтерге тарифтерді есептеу тәртібі

§1. Экспорт мақсатындағы Қосымша қызметтерден түсетін табысты айқындау

§2. Экспорт мақсатындағы Қосымша қызметтерге тарифтерді есептеу тәртібі

6-тарау. Экспорт және транзит мақсатындағы Қызметтерге тарифтерді бекіту тәртібі және оларды өзгерту үшін негіздер

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

7. ҚОСЫМШАЛАР

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ

1. Осы Әдістеме «ҚазТрансОйл» АҚ-тың (бұдан әрі – Қоғам) мұнайды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтеріне тарифтерді есептеу тетігін және бекіту тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2. Осы Әдістемені негізгі міндеті Қоғамның тарифтік саясатын қалыптастыру болып табылатын Қоғамның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшесі қолданады.

3. Осы Әдістеме «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнайды экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтердің бірыңғай тарифін есептеу үшін қолданылмайды.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

4. Осы Әдістемеді мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

1) ішкі нарық - Қазақстан Республикасының ішкі нарығы (мұнайды Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеу немесе тұтыну үшін);

2) жүкайналым - белгілі бір уақыт ішінде айдалатын мұнай массасының айдау қашықтығына көбейтіндісіне тең Қоғам жұмысының экономикалық көрсеткіші;

3) Қосымша қызметтер - мұнай тасымалдау жөніндегі қосымша қызметтер, оның ішінде:

- мұнайды теміржол цистерналарынан ағызу;
- мұнайды теміржол цистерналарына құю;
- мұнайды танкерлерге құю;
- мұнайды сақтау;
- мұнайды ауыстырып тиеу;
- мұнайды араластыру;
- бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызмет;

4) «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнайды экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған бірыңғай тариф - 2012 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырын дамыту және пайдалану кезіндегі ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы келісімге [1] және Мұнайды экспортқа тасымалдауға арналған бірыңғай тарифті есептеу және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры учаскелерінің меншік иелері арасында тарифтік түсімді бөлу әдістемесіне [2] сәйкес белгіленетін «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнайды экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тариф;

5) құзыретті орган - магистральдық құбыр саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) Қызметтер көлемі - мұнай айдау жөніндегі қызметтер үшін - жүкайналым (тонна-километрмен), Қосымша қызметтер үшін (мұнайды сақтаудан басқа) - мұнай тасымалдау көлемі (тоннамен), мұнай сақтау жөніндегі қызметтер үшін - мұнайды айына сақтау көлемі (тоннамен айына);

- 7) жоспарланған жыл - жаңа тариф бекітілетін бірінші жыл;
 - 8) ҚР – Қазақстан Республикасы;
 - 9) транзит - мұнайды ҚР аумағынан тыс орналасқан мұнайды жөнелтуші мен алушы арасында ҚР аумағы арқылы өткізу;
 - 10) мұнай айдау қызметіне үлестік тариф - 1 тонна мұнайды 1000 километрге айдау тарифі;
 - 11) Қызметтер - мұнайды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтер, оның ішінде мұнайды магистральдық құбырлар арқылы айдау және Қосымша қызметтер;
 - 12) магистральдық құбыр учаскесі - айдау станцияларымен және (немесе) Қоғам бөлімшелерінің шекараларымен шектелген, тармақтарсыз және қосылыстарсыз магистральдық құбыр учаскесі;
 - 13) экспорт - мұнайды ҚР аумағынан тыс экспорттау.
5. Осы Әдістемеді қолданылатын, бірақ ашылмаған терминдер мен анықтамалар ҚР заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында пайдаланылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келеді.

4. ӘДІСТЕМЕ СИПАТТАМАСЫ/ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

1-тарау. Тарифтерді есептеудің негізгі ережелері

6. Қызметтерге арналған тарифтер Қызметтерді ұсыну үшін қажет шығындар құнынан төмен болмауы және Қоғамның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескеруі тиіс.

7. Тарифтер деңгейін есептеу кезінде Ішкі нарық қызметтеріне арналған тарифтерден толық алынбаған түсімді Экспорт немесе транзит мақсатындағы қызметтерге арналған тарифтер есебінен өтеуге жол беріледі.

8. Қызметтерге тарифтерді қалыптастыру кезінде Қоғамның бухгалтерлік есебінде қабылданған есепке алу қағидастарына сәйкес Қызметтер көрсетуге байланысты жоспарланатын шығындар ескеріледі.

9. Тарифтер есебіне мынадай шығындар енгізілмейді:

- айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары, сот шығындары;
- ҚР Үкіметінің қаулылары (тапсырмалары) және жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде демеушілік көмек көрсетуді қоспағанда, демеушілік көмектің барлық түрлерін көрсетуге арналған шығыстар.

10. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді Ішкі нарық қызметтері, Экспорт мақсатындағы қызметтер және Транзит мақсатындағы қызметтер арасында бөлу техникалық мүмкін болмаған немесе экономикалық тұрғыдан орынсыз болған жағдайда Экспорт мақсатындағы қызметтерге тарифтерді есептеу кезінде шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер мұнайды тасымалдау бойынша тұтастай (оның ішінде ішкі нарыққа, экспорт және транзит мақсатында) ескеріледі.

11. Мұнай айдау бойынша шығындарды айқындау үшін мұнай тасымалдау бойынша шығындардан Қосымша қызметтер бойынша шығындар шегеріледі.

12. Тарифтерді айқындау кезінде Қызметтердің көлемі ретінде Қызметтердің жоспарланған көлемі ескеріледі.

2-тарау. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын және пайданың рұқсат етілген деңгейін айқындау тәртібі

13. Қызметтерге тарифтерді есептеу үшін қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын және пайданың рұқсат етілген деңгейін айқындау жүргізіледі.

14. Жоспарланатын жылға пайданың рұқсат етілген деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ПРД} = \text{Б} * \text{ҚАПМ},$$

мұнда:

ПРД - жоспарланған жылға пайданың рұқсат етілген деңгейі, мың теңге;

Б - қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының құны, мың теңге;

ҚАПМ - қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі, %.

15. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын Қызметтер көрсету үшін қажетті және тарифтің қолданылу кезеңі ішінде инвестициялық бағдарламаны іске асыру нәтижесінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді пайдалануға жоспарланып отырған енгізуді ескере отырып, жоспарланған жылдың басында айқындалатын ұзақмерзімді активтер (негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны, ұзақмерзімді активтер үшін өнім берушілерге аванстар және басқалар) мен таза айналым капиталы құрайды.

Таза айналым капиталының мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{ТАК} = \text{АА} - \text{АғМ},$$

мұнда:

ТАК – таза айналым капиталы, мың теңге;

АА - ағымдағы активтер, мың теңге;

АғМ - ағымдағы міндеттемелер, мың теңге.

16. Жекелеген Қызмет түрлеріне пайданы есептеу үшін қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына осы Қызметтерді ұсынуға тартылған активтер ғана енгізіледі.

17. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі осы Әдістеменің 3-тарауына сәйкес есептеледі.

3-тарау. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесін есептеу тәртібі

18. Қоғамның қолданысқа енгізілген активтерінің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі капиталдың орташа алынған құны ретінде айқындалады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ҚАПМ} = \frac{[\text{МК} \times \text{МКПМ}] + [\text{ҚК} \times \text{ҚКПМ} \times (1-t)]}{\text{МК} + \text{ҚК}},$$

мұнда:

ҚАПМ - қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі, %;

МК - меншікті капитал, теңге;

МКПМ - меншікті капиталға пайда мөлшерлемесі, %;

ҚК - қарыз капиталы, теңге;

ҚКПМ - қарыз капиталына пайда мөлшерлемесі, %;

t - салық салудың тиімді мөлшерлемесі.

19. Меншікті капиталға пайда мөлшерлемесі табыстылықтың тәуекелсіз мөлшерлемесін, ҚР елдік тәуекелі үшін сыйлықақыны, мұнай құбыры секторына арналған

акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлықақыны және Қоғамға тән ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақыны мына формула бойынша жинақтаумен айқындалады:

$$\text{СПСК} = \text{rf1} + \text{rc} + \text{ra} + \text{rs},$$

мұнда:

МКПМ - меншікті капиталға пайда мөлшерлемесі;

rf1 - табыстылықтың тәуекелсіз мөлшерлемесі;

rc - ҚР елдік тәуекелі үшін сыйлықақы;

ra - мұнай құбыры секторына арналған акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлықақы;

rs - Қоғамға тән ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақы.

20. Табыстылықтың тәуекелсіз ставкасы (rf1) меншікті капиталға пайда ставкасын есептеу кезінде тариф бекітілген күнгі АҚШ федералдық резервтік жүйесінің деректері негізінде айқындалатын АҚШ қазынашылығының 20 жылдық облигацияларының ағымдағы кірістілігіне тең болып қабылданады.

21. ҚР елдік тәуекелі үшін сыйлықақыны (rc) айқындау Moody's, Fitch және Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттіктері берген ҚР тәуекелсіз борыш рейтингін пайдалана отырып, дефолт-спредті есептеуді көздейтін рейтингтік әдіске негізделген.

ҚР елдік тәуекелі үшін сыйлықақы мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{rc} = \text{ds} \times \text{kv},$$

мұнда:

rc - ҚР елдік тәуекелі үшін сыйлықақы;

ds - облигациялар бойынша дефолт-спред;

kv - қор нарығы тұрақсыздығының орташа коэффициенті.

Базистік тармақтардағы дефолт-спред (1 базистік тармақ = 0,01%) осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген кредиттік рейтинг бойынша дефолт-спредті айқындау кестесін ескере отырып, олардың ішіндегі неғұрлым консервативтік бойынша қабылданатын және тариф бекітілген күні қолданыста болатын Moody's, Fitch және Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттіктері ҚР берген кредиттік рейтинг негізінде айқындалады.

Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу үшін қор нарығы тұрақсыздығының орташа коэффициенті осы Әдістемеге 2-қосымшада жаһандық қор нарығы бойынша есеп негізінде айқындалған және 1,5 деңгейінде қабылданған.

22. Мұнай құбыры секторына арналған акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлықақы (ra) жалпы АҚШ қор нарығы бойынша тәуекел үшін ұзақ мерзімді сыйлықақы негізінде айқындалады және салалық бета-коэффициенті мынадай формула бойынша түзетіледі:

$$\text{ra} = \text{b} (\text{rm} - \text{rf2}),$$

мұнда:

ra - мұнай құбыры секторына арналған акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлықақы;

rm - 1926-2001 жылдар аралығындағы АҚШ қор нарығындағы жалпы нарықтық кірістің орташа арифметикалық мәні;

rf2 - 1926-2001 жылдар аралығындағы АҚШ-тың 20 жылдық мемлекеттік облигацияларының орташа арифметикалық кірістілігі;

b - мұнай құбыры секторының салалық бета-коэффициенті.

Мәннің есебі (rm - rf2) осы Әдістеменің 3-қосымшасында келтірілген.

Қоғамның тартылған активтерінің реттелетін базасы бойынша кірістілік нормасын есептеу үшін мұнай құбыры секторының салалық бета-коэффициенті осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес анықталады және 0,88 деңгейінде қабылданады.

23. Қоғамға тән ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақы (rs) салалық бета-коэффициентімен және ҚР елдік тәуекелі үшін сыйлықақымен қамтылмаған Қоғамға инвестицияларға байланысты қосымша тәуекелдерді көрсетеді. Ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақы құны олардың бағалауына байланысты 0-ден 10% дейін ауытқиды.

Қоғамның ерекше тәуекелдері бойынша сыйлықақы мөлшерін анықтайтын негізгі факторлар:

1) мұнайды тасымалдауға тарифтердің ағымдағы деңгейі;

2) негізгі тұтынушыларға/клиенттерге тәуелділік;

3) кәсіпкерлікті дамыту перспективалары;

4) қолданысқа енгізілген активтердің жай-күйі;

5) кәсіпорынның қаржылық жағдайы және күрделі шығындарды қаржыландыру мүмкіндігі.

Қоғамға тән ерекше тәуекелдерді объективті бағалау үшін осы Әдістемеге 5-қосымшада сипатталған, ерекше тәуекелдердің негізгі факторларын ескеретін алгоритм пайдаланылады.

Ерекше тәуекелдер бойынша сыйлықақыны есептеу кезінде ҚР табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес құзыретті орган жүзеге асыратын Қоғамның ерекше тәуекелдерін бағалау негізге алынады.

24. Егер қарыз капиталының жиынтық капиталға қатысты үлесі 50% аз болса, қарыз капиталының кірістілік нормасы мына формула бойынша анықталады:

$$\text{ҚКПМ} = \frac{\sum_{i} \text{кредиттер}_i \times \text{мөлшерлеме}_i}{\sum_{i} \text{кредиттер}_i},$$

мұнда:

ҚКПМ - қарыз капиталына пайда мөлшерлемесі, %;

кредит_i - тариф бекітілген күнге айналым қаражатын толықтыруға берілген кредиттерді қоспағанда, Қоғамның алынған қаржы ресурстары бойынша міндеттемелері, теңге;

мөлшерлеме_i – тиісті кредит бойынша жылдық проценттік сыйақы мөлшерлемесі, %.

25. Егер қарыз капиталының жалпы капиталға қатысты үлесі 50% және одан да көп болса, қарыз капиталының кірістілік нормасы мына формула бойынша анықталады:

$$\text{ҚКПМ} = \frac{\sum_{i} \text{кредиттер}_i \times (\text{ҰБҚҚМ} - \text{Уч}_i + \text{мөлшерлеме}_i)}{\sum_{i} \text{кредиттер}_i},$$

мұнда:

ҚКПМ - қарыз капиталына пайда мөлшерлемесі, %;

кредит_i - тариф бекітілген күнге айналым қаражатын толықтыруға берілген кредиттерді қоспағанда, Қоғамның алынған қаржы ресурстары бойынша міндеттемелері, теңге;

мөлшерлеме_i - тиісті кредит бойынша жылдық проценттік сыйақы мөлшерлемесі, %;

ҰБҚҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тариф бекітілген күнгі қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %;

Уч_i - валютасында кредит алынған елдің бірінші деңгейлі банкінің (орталық банкінің) тариф бекітілген күнгі қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %.

26. Салық салудың тиімді ставкасын есептеу (t) осы Әдістемеге 6-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес тариф бекітілген күннің алдындағы жыл үшін аудиті ҚР

аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің деректері негізінде жүргізіледі.

Капиталдың орташа өлшемді құнын есептеу кезінде салық салудың тиімді мөлшерлемесін қолдану ҚР салық заңнамасына сәйкес Қоғамның корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шығыстардың бір бөлігін шегерімге жатқызбау факторын ескереді.

4-тарау. Экспорттау және транзиттеу мақсатында магистральдық құбырлар арқылы мұнай айдауға арналған тарифтерді есептеу тәртібі

§1. Мұнай айдау бойынша қызметтерден түсетін табысты айқындау

27. Мұнай айдау бойынша қызметтерден түсетін табыс мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T = Ш + ПРД + КТС,$$

мұнда:

T - жоспарланған жылға мұнай айдау жөніндегі қызметтерден түсетін табыс, мың теңге;

Ш - жоспарланған жылға мұнай айдау бойынша жоспарланған шығындар, мың теңге;

ПРД - жоспарланған жылға мұнай айдау бойынша пайданың рұқсат етілген деңгейі, мың теңге;

КТС - ҚР салық заңнамасына сәйкес ПРД шамасы және корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі негізге алына отырып айқындалатын корпоративтік табыс салығының шамасы, мың теңге.

28. Шетел валютасында қарыздар болған кезде (Қызметтер көрсетуге байланысты емес қарыздарды қоспағанда), ҚР ұлттық валютасына қатысты тиісті валюта бағамы едәуір (1 күннен 1 айға дейінгі кезең ішінде 10% және одан да көп) өскен жағдайда, мұнай айдау жөніндегі қызметтерден түсетін кірістің есебіне негізгі борыш сомасын қайта есептеу нәтижесінде туындаған теріс бағамдық айырма, сондай-ақ қарызды өтеу кестесіне сәйкес сыйақы және қарызды ұйымдастыру бойынша капиталдандырылған шығыстар түріндегі қосымша қосынды қосылады.

29. Экспорт мақсатында мұнай айдау бойынша қызметтен жоспарланатын жыл ішіндегі табыс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{э}} = T - T_{\text{іш}} - T_{\text{тр}} - T_{\text{хш}},$$

мұнда:

$T_{\text{э}}$ - экспорт мақсатында мұнай айдау бойынша қызметтен түсетін табыс, мың теңге;

T - осы Әдістеменің 27 және 28-тармақтарына сәйкес айқындалған мұнай айдау бойынша қызметтерден түсетін табыс, мың теңге;

$T_{\text{іш}}$ - ішкі нарыққа мұнай айдау қызметінен түскен табыс, мың теңге;

$T_{\text{тр}}$ - транзит мақсатында мұнай айдау бойынша қызметтерден түсетін табыс, мың теңге;

$T_{\text{хш}}$ - халықаралық шарттарға сәйкес айқындалған тарифтер бойынша мұнай айдау бойынша қызметтерден түсетін табыс, мың теңге.

30. Мұнайды ішкі нарыққа айдау бойынша қызметтен жоспарланатын жыл ішіндегі табыс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{іш}} = БТ_{\text{іш}} * Ж_{\text{іш}},$$

мұнда:

$T_{\text{іш}}$ - ішкі нарыққа мұнай айдау қызметінен түскен табыс, мың теңге;

БТ іш - табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін ішкі нарыққа мұнай айдауға арналған тариф, теңге/мың тонна километр;

Ж ін - жоспарланған жылы ішкі нарыққа жүқайналымы, млн. тонна километр.

31. Транзит мақсатында мұнай айдау бойынша қызметтен жоспарланатын жыл ішіндегі табыс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{тр}} = \text{БТ}_{\text{тр}} * \text{Ж}_{\text{тр}},$$

мұнда:

$T_{\text{тр}}$ - транзит мақсатында мұнай айдау бойынша қызметтерден түсетін табыс, мың теңге;

$\text{БТ}_{\text{тр}}$ - транзит мақсатында мұнай айдауға арналған тариф, теңге/мың тонна километр;

$\text{Ж}_{\text{тр}}$ - жоспарланған жылға транзит мақсатында мұнай айдау кезіндегі жүқайналымы, млн. тонна километр.

32. Халықаралық шарттарға сәйкес айқындалған тарифтер бойынша мұнай айдау бойынша қызметтерден жоспарланатын жыл ішіндегі табыс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{хш}} = \sum T_{\text{хш } i} * K_{\text{хш } i},$$

мұнда:

$T_{\text{хш}}$ - халықаралық шарттарға сәйкес айқындалған тарифтер бойынша мұнай айдау бойынша қызметтерден түсетін табыс, мың теңге;

$T_{\text{хш } i}$ – і-ші халықаралық шартқа сәйкес мұнай айдау қызметіне тариф (құн), теңге/тонна;

$K_{\text{хш } i}$ – і-ші халықаралық шартқа сәйкес жоспарланған жылға мұнай айдау көлемі, мың тонна.

§2. Экспорт мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тарифті есептеу тәртібі

33. Экспорт мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Y T_{\text{э}} = \frac{T_{\text{э}}}{\text{Ж}_{\text{э}}},$$

мұнда:

$Y T_{\text{э}}$ - экспорт мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тариф, теңге/мың тонна километр;

$T_{\text{э}}$ - жоспарланған жылға экспорт мақсатында мұнай айдау қызметінен түсетін табыс, мың теңге;

$\text{Ж}_{\text{э}}$ - жоспарланған жылға экспорт мақсатында мұнайды айдау кезіндегі жүқайналымы, млн. тонна километр.

§3. Транзит мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тарифті есептеу тәртібі

34. Транзит мақсатында мұнай айдау жөніндегі қызметтен түсетін табыс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{тр}} = \text{Ш}_{\text{тр}} + \text{П}_{\text{тр}} + \text{КТС},$$

мұнда:

Т тр - жоспарланған жылға транзит мақсатында мұнай айдау бойынша қызметтен түсетін табыс, мың теңге;

Ш тр - транзит мақсатында мұнай айдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты жоспарланған жылға арналған жоспарланған шығындар, мың теңге;

П тр - пайданың рұқсат етілген деңгейі шегінде жоспарланған жылға транзит мақсатында мұнай айдау бойынша пайда, мың теңге;

КТС - ҚР салық заңнамасына сәйкес П тр шамасы мен корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі негізге алына отырып айқындалатын корпоративтік табыс салығының шамасы, мың теңге.

35. Транзит мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Y T_{\text{тр}} = \frac{T_{\text{тр}}}{J_{\text{тр}}},$$

мұнда:

$Y T_{\text{тр}}$ - транзит мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тариф, теңге/мың тонна километр;

$T_{\text{тр}}$ - жоспарланатын жылдағы транзиттеу мақсатында мұнай айдау қызметінен табыс, мың теңге;

$J_{\text{тр}}$ - жоспарланатын жылдағы транзиттеу мақсатында мұнай айдау кездегі жүкайналымы, млн. тонна километр.

§4. Магистральдық құбыр учаскелері бойынша мұнай айдау жөніндегі қызметтердің құнын есептеу тәртібі

36. Экспорт мақсатында магистральдық құбырдың жеке учаскесі бойынша бір тонна мұнайды айдау құнын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_{\text{э уч}} = Y T_{\text{э}} * L,$$

мұнда:

$P_{\text{э уч}}$ – экспорт мақсатында белгілі бір учаске бойынша бір тонна мұнай айдау құны, теңге/тонна;

$Y T_{\text{э}}$ – экспорт мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тариф, теңге/мың тонна километр;

L – учаскенің ұзындығы, мың километр.

37. Транзит мақсатында магистральдық құбырдың жеке учаскесі бойынша бір тонна мұнайды айдау құнын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_{\text{тр уч}} = Y T_{\text{тр}} * L,$$

мұнда:

$P_{\text{тр уч}}$ - транзит мақсатында белгілі бір учаске бойынша бір тонна мұнай айдау құны, теңге/тонна;

$Y T_{\text{тр}}$ - транзит мақсатында мұнай айдау қызметіне үлестік тариф, теңге/мың тонна километр;

L – учаскенің ұзындығы, мың километр.

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 19.10.17 ж. шешіміне сәйкес (№ 9/2017 отырыс хаттамасы) 38-тармаққа өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)

38. Магистральдық құбырлардың учаскелері бойынша мұнай айдау жөніндегі қызметтер құнының есебі осы Әдістеменің 6-тарауында белгіленген тәртіппен бекітілген үлестік тарифтерге негізделеді.

Магистральдық құбырлар учаскелерінің ұзындығы Қоғамның Бас директорының (Басқарма төрағасының) немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен айқындалады.

5-тарау. Экспорт мақсатындағы Қосымша қызметтерге тарифтерді есептеу тәртібі

§1. Экспорт мақсатындағы Қосымша қызметтерден түсетін табысты айқындау

39. Экспорт мақсатындағы Қосымша қызметтерге тарифті есептеу әрбір Қызмет түріне жеке жүргізіледі.

40. Қосымша қызметтерден табыс мына формула бойынша айқындалады:

$$ҚҚТ_i = Ш_i + ПРД_i + КТС,$$

мұнда:

ҚҚТ_i – жоспарланатын жылда і-ші Қосымша қызметті көрсетуден күтілетін табыс, мың теңге;

Ш_i - і-ші Қосымша қызметті көрсетуге байланысты жоспарланатын жылда жоспарланатын шығындар, мың теңге;

ПРД_i - жоспарланатын жылда і-ші Қосымша қызметті көрсетуден пайданың рұқсат етілетін деңгейі, мың теңге;

КТС – ПРД_i шамасы мен ҚР салық заңнамасына сәйкес корпоративтік табыс салығы ставкасын басшылыққа алып, айқындалатын корпоративтік табыс салығының шамасы, мың теңге.

41. Экспорт мақсатында жоспарланатын жылда і-ші Қосымша қызметті көрсетуден табыс мына формула бойынша айқындалады:

$$ҚҚТ_{iэ} = ҚҚТ_i - ҚҚТ_{iш},$$

мұнда:

ҚҚТ_{iэ} - экспорт мақсатында і-ші Қосымша қызметті көрсетуден табыс, мың теңге;

ҚҚТ_i - осы Әдістеменің 40-тармағына сәйкес айқындалған экспорт мақсатында і-ші Қосымша қызметті көрсетуден табыс, мың теңге;

ҚҚТ_{iш} – ішкі нарыққа і-ші Қосымша қызметті көрсетуден табыс, мың теңге.

42. Жоспарланатын жылдағы ішкі нарыққа і-ші Қосымша қызметті көрсетуден табыс мына формула бойынша айқындалады:

$$ҚҚТ_{iш} = ТҚҚ_{iш} * ҚҚМ_{iш},$$

мұнда:

ҚҚТ_{iш} - жоспарланатын жылдағы ішкі нарыққа і-ші Қосымша қызметті көрсетуден кіріс, мың теңге;

ТҚҚ_{iш} – «Табиғи монополия туралы» ҚР Заңына сәйкес бекітілетін ішкі нарыққа і-ші Қосымша қызметті көрсету тарифі, теңге/тонна;

ҚҚМ_{iш} – жоспарланатын жылдағы і-ші Қосымша қызметті көрсету мөлшері, мың тонна (сақтау қызметтері үшін - мың тонна*ай).

43. Қосымша қызметтер үшін таза айналым капиталы тартылған активтердің реттелетін базасының есебіне алынбайды.

§2. Экспорт мақсатындағы Қосымша қызметтерге тарифтерді есептеу тәртібі

44. Экспорт мақсатындағы Қосымша қызметтерге тарифтер мына формула бойынша есептеледі:

$$ТҚҚ_{iэ} = \frac{ҚҚТ_{iэ}}{ҚҚМ_{iэ}},$$

мұнда:

ТҚҚ_{iэ} – экспорт мақсатында і-ші Қосымша қызметке тариф, теңге/тонна (сақтау қызметтері үшін – теңге/тонна айына);

ҚҚТ_{iэ} – экспорт мақсатында жоспарланатын жылдағы ішкі нарыққа і-ші Қосымша қызметті көрсетуден табыс, мың теңге;

ҚҚМ_{iэ} - жоспарланатын жылдағы і-ші Қосымша қызметті көрсету мөлшері, мың тонна (сақтау қызметтері үшін - мың тонна*ай).

6-тарау. Экспорт және транзит мақсатындағы Қызметтерге тарифті бекіту тәртібі және оларды өзгертуге негіздер

45. Осы әдістеменің негізінде есептелген экспорт және транзит мақсатында көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер Қоғамның бас директорының (Басқарма төрағасының) немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 19.10.17 ж. шешімімен (№ 9/2017 отырыс хаттамасы) 46-тармақ жаңа редакцияда жазылды (ескі ред. қараңыз)

46. Экспорт және транзит мақсатында көрсетілетін Қызметтерге тарифтер былай белгіленеді:

- мұнайды магистральдық құбыр арқылы айдау қызметтері үшін - 1000 км-ге бір тонна мұнай айдау үшін (үлестік тариф);

- Қосымша қызметтер үшін (мұнайды сақтаудан басқа) - мұнайдың бір тоннасы үшін;

- мұнай сақтау қызметі үшін - айына бір тонна мұнай үшін.

Экспорт және транзит мақсатында көрсетілетін Қызметтерге тарифтер теңгемен белгіленеді. Егер транзит мақсатындағы жеке қызметтің барлық тұтынушылары резидент емес болып табылса, осы қызметке тарифті шетел валютасымен, оның ішінде АҚШ долларымен белгілеуге жол беріледі. Шетел валютасында бекітілетін тарифті есептеу кезінде ҚР Ұлттық Банкінің тариф бекітілген күнгі ресми бағамы қолданылады.

Тарифтің деңгейі ҚҚС-сыз бекітілуге жатады. ҚҚС ҚР Салық заңнамасына сәйкес алынады.

47. Экспорт және транзит мақсатында көрсетілетін Қызметтерге тарифтер қолданылу кезеңін шектеусіз белгіленеді.

48. Экспорт және транзит мақсатында көрсетілетін Қызметтерге тарифтерді өзгерту үшін мыналар негіз болып табылады:

- Қызметтер мөлшерін өзгерту;

- Қоғам шығындарын ұлғайту;

- Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер ететін басқа да факторлар.

49. Тұтынушыларды тарифтердің өзгеруі туралы хабардар ету мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Мұнайды айдауға арналған тарифтер өзгерген кезде магистральдық құбырлардың учаскелері бойынша мұнайды айдау жөніндегі қызметтер құнының есебі осы тарифтер қолданысқа енгізілген күннен кешіктірілмей тұтынушылардың назарына жеткізіледі.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

50. Осы Әдістеме Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енгізіледі.

51. Осы Әдістемеге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

6. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

- [1] 2012 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырын дамыту және пайдалану кезіндегі ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы келісім
- [2] «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Қытай Ұлттық Мұнай-Газ Корпорациясы бекіткен мұнайды экспортқа тасымалдауға бірыңғай тарифті есептеу және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры учаскелерінің меншік иелері арасында тарифтік түсімді бөлу әдістемесі

* Осы Әдістемені пайдаланған кезде сілтеме жасалған қолданысын ағымдағы жылдағы жағдай бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы Әдістемені пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

7. ҚОСЫМШАЛАР

- | | |
|-------------------------|--|
| 1-қосымша
(міндетті) | Кредит рейтингі бойынша дефолт-спредті айқындау |
| 2-қосымша
(міндетті) | Қор нарығы тұрақсыздығының орташа коэффициентін есептеу |
| 3-қосымша
(міндетті) | Мұнай құбыры секторына арналған акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлықақыны есептеу шамасын есептеу ($r_m - r_f^2$) |
| 4-қосымша
(міндетті) | Дамушы нарығы бар елдердегі салалық бета-коэффициенттер |
| 5-қосымша
(міндетті) | Мұнай құбыры ұйымына тән ерекше тәуекелдерді бағалау алгоритмі. Тәуекел факторларының шамасын есептеу алгоритмі. Мұнай құбыры ұйымына тән ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақы диапазоны |
| 6-қосымша
(міндетті) | Салық салудың тиімді ставкасын есептеу нысаны |

1-қосымша
(міндетті)
Кредит рейтингі бойынша дефолт-спредті айқындау

Кредит рейтингі		Дефолт-спред
Moody's	Standard&Poor's, Fitch	
Aaa	AAA	0
Aa1	AA+	75
Aa2	AA	85
Aa3	AA-	90
A1	A+	100
A2	A	125
A3	A-	135
Baa1	BBB+	150
Baa2	BBB	175
Baa3	BBB-	200
Ba1	BB+	325
Ba2	BB	400
Ba3	BB-	525
B1	B+	600
B2	B	750
B3	B-	850
Caа	CCC	900

Ескертпе: әрбір рейтинг үшін дефолт спред елдің осы рейтингте шығарылған, АҚШ долларымен іріленген бондыларына процент мөлшерлемесі және АҚШ-тың мемлекеттік облигацияларына процент мөлшерлемесі арасындағы орташа айырма ретінде есептеледі. АҚШ-тың мемлекеттік облигациялары дефолт қаупінен іс жүзінде бос болып есептелінетіндіктен ол осы есепті пайдаланады.

2-қосымша
(міндетті)

Қор нарығы тұрақсыздығының орташа коэффициентін есептеу

Құбылмалылық коэффициенті = елдегі қор индексінің орташа квадраттық ауытқуы / елдің ұзақ мерзімді мемлекеттік облигацияларының орташа ауытқу квадраты.

Жаһандық қор нарығы құбылмалылығының коэффициентін есебі нарығы дамып келе жатқан 20 ел және мұнай құбыры саласының нарығы дамыған 12 елдің көрсеткіштеріне негізделеді. Дамушы елдер үшін коэффициент 1,3, дамыған елдер үшін - 1,8 болады. Жаһандық қор нарығының тұрақсыздығының орташа коэффициенті 1,5-ті құрады.

3-қосымша
(міндетті)

Мұнай құбыры секторына арналған акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлықақыны есептеу шамасын есептеу ($r_m - r_f2$)

	Жалпы нарықтық табыстылық r_m		Тәуекелсіз мөлшерлеме r_f2		$r_m - r_f2$
S&P 500	12,65%	-	5,23%	=	7,42% (акциялар бойынша тәуекел үшін пайдаланылған сыйлықақы)

Ескертпе: АҚШ қор нарығының бақылау көрсеткіші үшін нарықтың толығымен динамикасын көрсететін және нарықтың бақылау көрсеткіштерінің ең көп таралғаны болып табылатын S&P 500 индексі қабылданды.

4-қосымша
(міндетті)

Дамушы нарығы бар елдердегі салалық бета-коэффициенттер

Сектор	Талдауға енгізілген фирмалар саны	Биржалық бағамдардың стандартты ауытқуы	Бета-коэффициент
Интеграцияланған мұнай компаниялары	18	32,67%	0,88
Мұнай тасымалдау жөніндегі мұнай компаниялары	4	7,24%	0,88
Мұнай компаниялары - барлау және өндіру	9	30,37%	0,76

Ескертпе: бета-коэффициент мұнай құбыры секторы үшін 0,88 деңгейінде қабылданған.

Бета коэффициенті жалпы қор нарығына қатысты акциялардың құбылмалылығын немесе жүйелік тәуекелін өлшейді. Бета-коэффициент регрессиялық талдау әдісін пайдалану жолымен, мына формула бойынша анықталады:

$COV (R_i, R_m)$

$$b = \frac{\text{COV}(R_i, R_m)}{Q_{2m}},$$

мұнда:

R_i - сектор акцияларының табыстылығы;

R_m - жалпы қор нарығының табыстылығы;

$Cov (R_i, R_m)$ - сектордың және қор нарығының толығымен алғандағы табыстылығы арасындағы ковариация;

Q_{2m} - қор нарығы табыстылығының стандартты ауытқу квадраты.

5-қосымша
(міндетті)

Мұнай құбыры ұйымына тән ерекше тәуекелдерді бағалау алгоритмі

Тәуекел факторы	Тәуекел деңгейі			Жиынтықты нәтижесі
	Төмен	Орташа	Жоғары	
Мұнай тасымалдау тарифтерінің ағымдағы деңгейі	1	2	3	
Негізгі клиенттерге/клиенттерге тәуелділік	1	2	3	
Бизнесті дамытудың ұзақмерзімді жоспарлары	1	2	3	
Бизнесті дамытудың ұзақмерзімді жоспарлары	1	2	3	
Бизнестің қаржылық жағдайы және күрделі шығындарды қаржыландыру мүмкіндіктері	1	2	3	
Жиыны (нәтижелер сомасы)				
Тәуекелдің есептік деңгейі (орташа)				

Тәуекел факторларының көрсеткішін есептеу алгоритмі

Тәуекел факторы	Тәуекелді бағалау	Көріністер
-----------------	-------------------	------------

Тарифтер деңгейі	Төмен	Тарифтердің жоғары деңгейі (орташа салалық деңгейден жоғары)
	Орташа	Тарифтердің орташа деңгейі (орташа салалық)
	Жоғары	Тарифтердің төмен деңгейі (операциялық шығындар)
Негізгі клиенттерге/ клиенттерге тәуелділік	Төмен	Клиенттердің кең және әртараптандырылған базасы
	Орта	Олардың біреуінің немесе бірнешеуінің кетуі компанияның операциялық немесе қаржылық нәтижелеріне әсер етпейтін бірнеше маңызды клиенттердің болуы
	Жоғары	Олардың біреуінің немесе бірнешеуінің кетуі компанияның нәтижелеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін бірнеше ірі клиенттердің болуы
Бизнес әлеуеті	Төмен	Өңірлік экономиканы дамытудың жақсы перспективалары, кәсіпорындар тарапынан сұраныстың артуы, халық табысының өсуі. Айдау көлемдерінің өсу мүмкіндігі, клиенттер базасын кеңейту және басқа өңірлерге өктемдік жүргізу
	Орташа	Қалыпты аймақтық экономикалық өсудің перспективалары. Айтарлықтай өсімсіз тұрақты сұраныс күтіледі
	Жоғары	Аймақтағы экономикалық дамудың пессимистік болжамы, құлдырауының айқын мүмкіндігі. Қуаттылықтың болмауы және жеткізілімдерді ұлғайту перспективаларының іс жүзінде толық болмауы. Айдау көлемі төмендеуінің айқын мүмкіндігі.
Негізгі активтердің жағдайы	Төмен	Негізгі құралдардың тозуы- 40% -ке дейін
	Орташа	Негізгі құралдардың тозуы - 40% - тен 70% - ке дейін
	Жоғары	Негізгі құралдардың тозуы-70%-тен жоғары

Бизнестің қаржылық жағдайы және күрделі шығындарды қаржыландыру мүмкіндіктері	Төмен	Өтімділіктің жоғары деңгейі: Өтімділік коэффициенті >2 Жедел өтімділік коэффициенті >1
		Қарыз алудың төмен деңгейі: Меншікті және қарыз қаражатының арақатынасы >3 , Қарыздар / іске қосылған капитал $<0,3$
	Орташа	Өтімділіктің орташа деңгейі: Өтімділік коэффициенті >1 , Жедел өтімділік коэффициенті $>0,5$
		Қарыз алудың орташа деңгейі: Меншікті және қарыз қаражатының арақатынасы >2 , Қарыздар / іске қосылған капитал $<0,5$
	Жоғары	Өтімділіктің төмен деңгейі: Өтімділік коэффициенті <1 , Жедел өтімділік коэффициенті $<0,5$
		Қарыз алудың жоғары деңгейі: Меншікті және қарыз қаражатының арақатынасы <2 , Қарыздар / іске қосылған капитал $>0,5$

Мұнай құбыры ұйымына тән ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақы диапазоны

Тәуекел деңгейі	Есептік бағалау	Ерекше тәуекелдер
Орташадан төмен	$>= 1$ және $< 1,5$	3 - 4 %
Орташа	$>= 1,5$ және < 2	5 - 6 %
Орташадан жоғары	$>= 2$ және $< 2,5$	7 - 8 %
Жоғары	$>= 2,5$	9 - 10 %

Ескертпе: мұнай құбыры ұйымының меншікті капиталының мөлшері 1 миллиард АҚШ долларынан астам болған кезде ерекше тәуекелдің аз мәнін, меншік капиталының мөлшері 1 миллиард АҚШ долларынан кем болған жағдайда - жоғарыда көрсетілген диапазоннан ерекше тәуекелдің көп мәнін қабылдау жөн.

6-қосымша
(міндетті)

Салық салудың тиімді ставкасын есептеу нысаны

р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Өткен жыл
1.	Салық салынғанға дейінгі пайда	мың. теңге	
2.	Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі	%	
3.	Табыс салығы бойынша теориялық шығыстар (1-бет * 2-бет)	мың. теңге	
	Салық әсерін қосу (шегеру):		
4.	Салық салу үшін базаны азайтуға жатқызылмайтын шығыстар	мың. теңге	
5.	Салық салынбайтын кіріс	мың. теңге	
6.	Басқа да түзетулер	мың. теңге	
7.	Табыс салығы бойынша шығыстар (3-бет + 4-бет-5-бет + / - 6-бет)	мың. теңге	
8.	Салық салудың тиімді мөлшерлемесі (7-бет / 1-бет)	%	

Ескертпе: салық салудың тиімді мөлшерлемесі өткен жылғы қаржы есептілігі деректерінің негізінде салық салынғанға дейінгі пайданы табыс салығы шығыстардың қатынасы ретінде есептеледі.